

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 24-9 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 3909 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Кодексінің 587 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 14 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға негізделген жанама орман пайдалану үшін төлемақы ставкалары 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аңшылық шаруашылығының қажеті үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы ставкалары 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдіктерді, қамыс пен саңырауқұлақтарды жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. "Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын бекіту" Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-11 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 15 шілдесінде № 2699 тіркелген, 2015 жылдың 18 шілдесінде "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл облыстық мәслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы "Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" № 24-9 шешіміне келісім парағы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ М. Сатыбалдин

"29" маусым 2018 жыл.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитеті Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы

_____ К. Исаков

"29" маусым 2018 жыл.

Жамбыл облысы мәслихатының
2018 жылғы "29" маусымдағы
№ 24-9 шешіміне 1 қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары

№	Қосалқы сүрек ресурстары	Өлшем бірлігі	Ресурстарды дайындау үшін төлемақы ставкалары (айлық есептік көрсеткіш)
1	Аққайың:		
	қабық	тонна	0,016
	бұтақтар	тонна	0,032
	жапырақтар	тонна	0,008
	бүршіктер	килограмм	0,048
	томарлар	тонна	0,024
	тамырлар	тонна	0,016
2	Емен:		
	қабық	тонна	0,041
	бұтақтар	тонна	0,082
	жапырақтар	тонна	0,021

	бүршіктер	килограмм	0,123
	томарлар	тонна	0,062
	тамырлар	тонна	0,041
3	Қарағаш:		
	қабық	тонна	0,014
	бұтақтар	тонна	0,028
	жапырақтар	тонна	0,007
	бүршіктер	килограмм	0,042
	томарлар	тонна	0,021
	тамырлар	тонна	0,014
4	Терек:		
	қабық	тонна	0,011
	бұтақтар	тонна	0,022
	жапырақтар	тонна	0,006
	бүршіктер	килограмм	0,033
	томарлар	тонна	0,017
	тамырлар	тонна	0,011

Жамбыл облысы маслихатының
2018 жылғы "29" маусымдағы
№ 24-9 шешіміне 2 қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға негізделген жанама орман пайдалану үшін төлемақы ставкалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облыстық мәслихатының 26.09.2019 № 38-14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары (теңге)
1	Ара ұялары мен омарталар орналастыру	1 ұя	127
2	Мемлекеттік орман қоры аумағында шөп шабу:		
	сапалық жай-күйі жақсы	1 гектар	207
	сапалық жай-күйі қанағаттанарлық (орташа)	1 гектар	155
	сапалық жай-күйі қанағаттанғысыз (төмен)	1 гектар	121
3	Аң шаруашылығы (өсіру)	1 гектар	239
4	Мемлекеттік орман қоры аумағында мал жаю:		
	Ірі қара	Ұсақ мал	

Жануарлар топтары	Түйе	Ірі қара малға	Жылқы	Ірі қара төлі	Есек	Ешкі	Қой
Шөл және шөлейтті аймақта мал жайғаны үшін бір басқа төлемақы ставкасы (теңге)	847	678	678	339	339	593	169
Далалы аймақта мал жайғаны үшін бір басқа төлемақы ставкасы (теңге)	363	290	290	145	145	254	73
Таулы аймақта мал жайғаны үшін бір басқа төлемақы ставкасы (теңге)	182	146	146	73	73	127	36

Жамбыл облысы маслихатының
2018 жылғы "29" маусымдағы
№ 24-9 шешіміне 3 қосымша

Аңшылық шаруашылығының қажеті үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы ставкалары

№	Орман пайдаланудың түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары (теңге)
Ұзақ мерзімге пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылық қажеті үшін пайдалану	1 гектар	0
2	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсатында пайдалану	1 гектар	64
3	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсатында пайдалану	1 гектар	239
Қысқа мерзімге пайдалану (1 жылға дейін)			
4	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсатында пайдалану	1 күн	0,1 айлық есептік көрсеткіш

Жамбыл облысы маслихатының
2018 жылғы "29" маусымдағы
№ 24-9 шешіміне 4 қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдіктерді, қамыс пен саңырауқұлақтарды жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары

№	Өсімдіктердің атауы (қазақша)	Шикізат түрі	Нарықтық бағасы теңгемен 1 килограмм үшін (күрғақ күйде)	Есепке қолданылатын баға, 1 килограмм үшін теңгемен	Төлемақы ставкаларының деңгейі пайызбен	Есептелген төлемақы ставкасы теңгемен
1	Дәрілік жалбызтікен	тамыры	2000	1100	20	220
2	Бөрі қарақат	тамыры жапырағы жемістері	3500	1925	30	578

3	Құмды салаубас (бесмертник - цмин)	гүлдері	3000	1650	30	495
4	Алқызыл долана	гүлдері жемістері	1700	935	20	187
5	Күмәнді валериана	тамыры	8000	4400	20	880
6	Айланшөп таран	шөп	2200	1210	30	363
7	Биік андыз	тамыр	2000	1100	20	220
8	Дәрі түйе жоңышқа	шөп	3000	1650	30	495
9	Кәдімгі жұпаргүл	шөп	3300	1815	30	545
10	Шілтер жапырақ шаңқурай	шөп	2500	1375	30	413
11	Қосүйлі қалақай	жапырағы	3000	1650	30	495
12	Кәдімгі өгейшөп	гүлдері жапырағы	2000	1100	30	330
13	Дала жалбыз	шөп	2000	1100	30	330
14	Дәрі бақбақ	тамыры	4000	2200	20	440
15	Кәдімгі түймешетен	гүлдері	2000	1100	30	330
16	Д а л а таушымылдық	тамыры	4500	2475	20	495
17	Үлкен бақа жапырақ	жапырағы	2000	1100	30	330
18	Ашы жусан	ш ө п жапырағы	1500	825	30	248
19	Дәрілік түймедақ (ромашка)	гүлсебеті	3000	1650	30	495
20	Кәдімгі мыңжапырақ	шөп	2300	1265	30	380
21	Д а л а қырықбуыны	шөп	2300	1265	30	380
22	Сасық кереуік	тамыры	4000	2200	20	440
23	Үштармақ итошаған	шөп	1800	990	30	297
24	Шөлдік шалфей	жапырағы	1800	990	30	297
25	Итмұрын раушан	жемістері	2000	1100	40	440
26	Сұңғұла	тамыры	3000	1200	20	240

26	Мия тамыры	тамыры	1000	550	20	110
----	------------	--------	------	-----	----	-----

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қамысты жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары

№	Өсімдіктің атауы (қазақша)	Шикізат түрі	1 текше метр үшін нарықтық төлемақы ставкасы теңгемен	Төлемақы ставкаларының деңгейі пайызбен	Есептелген төлемақы ставкасы теңгемен
28	Қамыс	өзегі	180	-	180

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде саңырауқұлақ жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары.

№	Өсімдіктің атауы (қазақша)	Шикізат түрі	Нарықтық бағасы теңгемен, 1 килограмм үшін дымқыл күйде	Есепке қолданылатын баға, 1 килограмм үшін теңгемен	Төлемақы ставкаларының деңгейі пайызбен	Есептелген төлемақы ставкасы теңгемен
29	Саңырауқұлақ	қалпақша	650	358	30	107